

## CONTENTS

<b>1. ҚАУІПСІЗДІК ТУРАЛЫ НЕГІЗГІ ЕСКЕРТУЛЕР</b> .....	7
<b>2. ҚАУІПСІЗДІК ЕСКЕРТУЛЕРІ</b> .....	8
2.1 Осы нұсқаулықта пайдаланылған таңбалар.....	8
2.2 Пайдалану мақсаты .....	9
2.3 Пайдалану нұсқаулығы .....	9
<b>3. КІРІСПЕ</b> .....	9
3.1 Жақшадағы әріптер .....	9
3.2 Ақаулықтарды жою және жөндеу	9
<b>4. СИПАТТАМА</b> .....	9
4.1 Құрылғының сипаттамасы .....	9
4.2 Басқару тақтасының сипаттамасы.....	9
4.3 Керек-жарақтар сипаттамасы..	10
<b>5. ПАЙДАЛАНБАС БҰРЫН</b> .....	10
5.1 Құрылғыны тексеру .....	10
5.2 Құрылғыны орнату.....	10
5.3 Құрылғыны жалғау .....	10
5.4 Құрылғы параметрлерін орнату	10
<b>6. ҚҰРЫЛҒЫНЫ ІСКЕ ҚОСУ</b> .....	11
<b>7. ҚҰРЫЛҒЫНЫ ӨШІРУ</b> .....	11
<b>8. МӘЗІР ПАРАМЕТРЛЕРІ</b> .....	11
8.1 Қақ тазалау .....	12
8.2 Уақытты реттеу .....	12
8.3 Авто өшіру.....	12
8.4 Авто қосу.....	12
8.5 Температураны орнату.....	12
8.6 Қуат үнемдеу.....	13
8.7 Су қаттылығын орнату.....	13
8.8 Тілді орнату .....	13
8.9 Сүзгіні орнату.....	13
8.10Сүзгіні салу.....	13
8.11 Сигналды іске қосу/ажырату ...	13
8.12Әдепкі мәндер (қалпына келтіру)	13
8.13Статистика функциясы .....	14
<b>9. КОФЕ ЖАСАУ</b> .....	14
9.1 Кофе дәмін таңдау.....	14
9.2 Кеседегі кофе мөлшерін таңдау	14
9.3 «Менің кофем» мөлшерін реттеу ..	14
9.4 Кофе тартқышты реттеу .....	14
9.5 Ыстығырақ кофе алу туралы кеңестер .....	15
9.6 Кофе дәндерінен кофе жасау ...	15
9.7 Ұнтақ кофеден кофе жасау.....	15
<b>10. КАППУЧИНО ЖӘНЕ ЫСТЫҚ СҮТ ЖАСАУ (КӨПІРШІКСІЗ)</b> .....	16
10.1 Ыстық сүт жасау (көпіршіксіз) .	16
10.2Каппучино жасағышты пайдаланып болған соң тазалау	16
<b>11. ЫСТЫҚ СУ ДАЙЫНДАУ</b> .....	17
<b>12. ТАЗАЛАУ</b> .....	17
12.1Құрылғыны тазалау .....	17
12.2Құрылғының ішкі айналымын тазалау .....	17
12.3Тартылған кофе ыдысын тазалау	17
12.4Тамшы науасын және су жиналу науасын тазалау .....	18
12.5Кофе құрылғысын ішін тазалау	18
12.6Су ыдысын тазалау .....	18
12.7Кофе шүмектерін тазалау.....	18
12.8Тартылған кофе воронкасын тазалау .....	18
12.9Демдеу торын тазалау.....	18
<b>13. ҚАҚ ТАЗАЛАУ</b> .....	
<b>СУ ҚАТТЫЛЫҒЫН ОРНАТУ</b> .....	
Су қаттылығын орнату .....	
<b>СУ ЖҮМСАРТҚЫШ СҮЗГІ (БЕРІЛГЕН БОЛСА)</b> .....	
Сүзгіні орнату .....	
Сүзгіні салу .....	
Сүзгіні шығару.....	
<b>ТЕХНИКАЛЫҚ ДЕРЕК</b> .....	
<b>ТАСТАУ</b> .....	
<b>14. КӨРСЕТИЛЕТІН ХАБАРЛАР</b> .....	19
<b>15. АҚАУЛЫҚТАРДЫ ЖОЮ</b> .....	20

## **1. ҚАУІПСІЗДІК ТУРАЛЫ НЕГІЗГІ ЕСКЕРТУЛЕР**

- Бұл құрылғыны қозғалу, сезу немесе ойлану мүмкіндіктері шектелген адамдарға (балаларды қоса) немесе осы құрылғыға қатысты тәжірибесі немесе білімі жоқ адамдарға ықтимал қауіп-қатерлер мен құрылғыны қауіпсіз жолмен пайдалану туралы нұсқау берілмейінше және олар бақыланбайынша пайдалануға болмайды.
- Құрылғымен ойнамауын қамтамасыз ету үшін балаларды қадағалау қажет.
- Тазалауды және пайдаланушы орындайтын техникалық күтімді балаларға бақылаусыз орындатпау керек.
- Құрылғыны ешқашан суға батыру арқылы тазаламаңыз.
- Бұл тек үйде пайдалануға арналған құрылғы. дүкендердегі, офистердегі және басқа жұмыс орталарындағы қызметкерлер тамақтанатын орындарда; фермаларда; қонақүйлердегі, мотельдердегі және басқа қонақ күту орталарындағы клиенттерге; төсек және таңғы ас беретін орталарда.
- Егер ашалы қосқыш немесе сым зақымданса, барлық қауіп-қатерлердің алдын алу үшін оны тек тұтынушыларды қолдау қызметтері ауыстыруы керек.

### **ТЕК ЕУРОПАЛЫҚ НАРЫҚҚА АРНАЛҒАН:**

- Бұл құрылғыны 8 жастан асқан балаларға тек оларға ықтимал қауіп-қатерлер мен құрылғыны қауіпсіз жолмен пайдалану туралы нұсқау берілгенде және бақыланғанда ғана пайдалануға болады. Балалар сегіз жастан аспаған болса және үнемі бақылауда болмаса, тазалауды және пайдаланушы орындайтын техникалық күтімді балалар 8 жастан аспаса және бақылауда болмаса орындамаулары керек. Құрылғыны және қуат сымын сегіз жастан аспаған балалардан аулақ ұстаңыз.
- Бұл құрылғыны қозғалу, сезу немесе ойлану мүмкіндіктері шектелген адамдарға немесе осы құрылғыға қатысты тәжірибесі немесе білімі жоқ адамдарға тек оларға ықтимал қауіп-қатерлер мен құрылғыны қауіпсіз жолмен пайдалану

туралы нұсқау берілгенде және олар бақыланғанда ғана пайдалануға болады.

- Балалардың құрылғымен ойнамауы керек.
- Құрылғы қараусыз қалатын кезде және оны құрастыру, оның бөлшектерін шешу немесе тазалау алдында оны әрқашан розеткадан ажыратып жүріңіз.



Осы таңбамен белгіленген беттер пайдалану барысында ыстық болады (бұл таңба тек кейбір үлгілерде ғана бар).

## 2. ҚАУІПСІЗДІК ЕСКЕРТУЛЕРІ

### 2.1 Осы нұсқаулықта пайдаланылған таңбалар

Маңызды ескертулер осы таңбалармен анықталады. Осы ескертулерді орындау өте маңызды болып табылады.



**Danger!**

Мұндай ескертуді елемей электр тогына түсу салдарынан өмірге қауіп төндіретін жарақатқа себеп болуы мүмкін.



**Маңызды!**

Мұндай ескертуді елемей жарақаттануға немесе құрылғыны зақымдауға себеп болуы мүмкін.



**Күйіп қалу қаупі бар!**

Мұндай ескертуді елемей күйіп қалуға әкеп соқтырады.



**Ескеріңіз:**

Бұл таңба пайдаланушыға арналған маңызды кеңесті немесе ақпаратты білдіреді.



**Danger!**

Бұл – электрлік құрылғы, сондықтан ол электр тогына түсуге себеп болуы мүмкін.

Сондықтан, осы қауіпсіздік туралы ескертулерді ұстануыңыз керек:

- Құрылғыны ылғал қолдарыңызбен немесе аяқтарыңызбен түртпеңіз.
- Сымды ешқашан ылғал қолмен ұстамаңыз.
- Розетканың құрылғыны қажет кезде ажыратуға болатындай оңай қол жеткізетін жерде орналасқанына көз жеткізіңіз.

- Тек ашалы қосқыштан ұстап ажыратыңыз. Ешқашан сымнан ұстап тартпаңыз, себебі оны зақымдауыңыз мүмкін.

- Құрылғыны толық ажырату үшін, оны розеткадан ажыратуыңыз керек.

- Егер құрылғы ақаулы болса, оны жөндеуге тырыспаңыз.

Оны өшіру үшін розеткадан ажыратыңыз және тұтынушыны қолдау қызметтерімен хабарласыңыз.

- Құрылғыны тазаламас бұрын, оны оқшау розеткадан суырыңыз да, суытып қойыңыз.



**Маңызды:**

Барлық орам (пластик қалталар, полистирен көбігі) материалдарын балалардан аулақ ұстаңыз.



**Күйіп қалу қаупі бар!**

Бұл құрылғы ыстық су шығарады және пайдалану барысында ол бу қалыптасуы мүмкін.

Су шашырандыларынан немесе ыстық будан абай болыңыз.

Құрылғы қолданып жатқан кезде, кесе текшесі өте ыстық болуы мүмкін.

### 2.2 Пайдалану мақсаты

Бұл құрылғы кофе және ыстық сусындар дайындауға арналған.

Кез келген басқа қолданыс дұрыс емес және қауіпті болып есептеледі. Өнім жасаушысы құрылғыны дұрыс пайдаланбаудан туындайтын зақым үшін жауапты емес.

### 2.3 Пайдалану нұсқаулығы

Құрылғыны пайдаланбас бұрын осы пайдалану нұсқаулығын мұқият оқып шығыңыз. Мұндай пайдалану нұсқауларын елемей күйіп қалуға немесе құрылғыны зақымдауға себеп болуы мүмкін.

Өнім жасаушысы осы нұсқауды елемеден туындайтын зақым үшін жауапты болмайды.

#### **Ескеріңіз:**

Осы пайдалану нұсқаулығын сақтап қойыңыз. Егер құрылғы басқа адамдарға берілсе, оларды осы пайдалану нұсқаулығымен бірге беру керек.

### 3. КІРІСПЕ

Осы дәннен эспрессо және капучино жасау құрылғысын таңдағаныңызға рахмет.

Жаңа құрылғыңызды рахатыңызға пайдаланасыз деп үміттенеміз. Осы пайдалану нұсқаулығын оқып шығуға бірнеше минут бөліңіз. Бұл барлық қауіп-қатерлер мен құрылғының зақымдануының алдын алады.

#### 3.1 Жақшадағы әріптер

Жақша ішіндегі әріптер 2-3-беттердегі «Құрылғы сипаттамасы» бөліміндегі шартты белгілерге сілтейді.

#### 3.2 Ақаулықтарды жою және жөндеу

Проблемалар болған жағдайда, алдымен оларды 18-беттегі «Ақаулықтарды жою» бөлімінде берілген ескертулерге жүгіне отырып шешуге тырысыңыз. Displayed messages” and “19. Ақаулықтарды жою”.

Егер проблема осылай шешілмесе және қосымша ақпарат талап етсеңіз, “Тұтынушыларды қолдау қызметі” қосымша парағында берілген нөмірге қоңырау шалу арқылы тұтынушыны қолдау қызметімен хабарласыңыз.

Егер еліңіз берілген елдер тізімінен табылмаса, кепілдікте берілген нөмірге қоңырау шалыңыз. Егер жөндеу қажет болса, De’Longhi тұтынушыны қолдау қызметтерімен ғана хабарласыңыз. Мекенжайлар құрылғымен бірге берілген кепілдік куәлігінде берілген.

### 4. СИПАТТАМА

#### 4.1 Құрылғының сипаттамасы





(3-бет - А )



- A1. Басқару тақтасы
- A2. Тартуды реттеу дөңгелегі
- A3. Кесе текшесі
- A4. Дәндер ыдысының қақпағы
- A5. Ұнтақ кофе воронкасының қақпағы
- A6. Тартылған кофе воронкасы
- A7. Дәндер ыдысы
- A8. Негізгі қосқыш
- A9. Су ыдысы
- A10. Демдеу торының қақпағы
- A11. Демдеу торы
- A12. Кофе шүмектері (биіктігі реттеледі)
- A13. Тартылған кофе ыдысы
- A14. Су жиналатын науа
- A15. Кесе науасы
- A16. Тамшы науасындағы су деңгейінің көрсеткіші
- A17. Тамшы науасы
- A18. Капучино жасағыштың таңдау сақинасы
- A19. Капучино жасағыш
- A20. Бу/ыстық су тетігі

#### 4.2 Басқару тақтасының сипаттамасы

(2-бет - В )

*Тақтадағы бірнеше түйменің қос функциялары бар. Ол сипаттамада жақшалардың ішінде көрсетілген.*

- B1. Дисплей: пайдаланушыға құрылғыны пайдалану барысында нұсқаулар береді.
- B2.  түймесі: құрылғыны іске қосады және өшіреді.
- B3. Мәзірге кіру үшін P түймесін басыңыз
- B4.  түймесі: шаю циклін орындауға арналған. (MENU параметрлері бөлімінде болған кезде ол таңдалған функциядан шығуға және негізгі мәзірге қайтуға арналған ESC пернесі ретінде жұмыс істейді)
- B5. Таңдау дөңгелегін: қажетті кофе мөлшерін таңдау үшін бұраңыз. (Параметрлер МӘЗІРІНДЕ болған кезде, қажетті функцияны таңдау үшін бұраңыз)
- B6.  дәм таңдау түймесі: кофе дәмін таңдау үшін
- B7.  көрсетілген параметрлермен 1 кесе кофе жасауға арналған

- B8.  көрсетілген параметрлермен 2 кесе кофе жасауға арналған
- B9.  Түймесі: капучино мен сүт негізіндегі сусындарды құяды. (МЭЗІРГЕ кіру кезінде: жасалған таңдауды растау үшін ОК түймесін басыңыз)

### 4.3 Керек-жарақтар сипаттамасы

(2-бет - С )

- C1. “Жалпы қаттылықты тексеру” көрсеткішінің қағазы
- C2. Ұнтақ кофе өлшеуіші
- C3. Қақ тазартқыш
- C4. Су жұмсартқыш сүзгі (\*кейбір үлгілерде ғана бар)
- C5. Тазалау щеткасы

## 5. ПАЙДАЛАНБАС БҰРЫН

### 5.1 Құрылғыны тексеру

Орамды ашқан соң, құрылғы бөлшектерінің түгелдігін, зақымданбаған және барлық керек-жарақтардың болуын тексеріңіз. Егер құрылғының зақымданғаны көрініп тұрса, оны пайдаланбаңыз. De'Longhi тұтынушыларды қолдау қызметтерімен хабарласыңыз.

### 5.2 Құрылғыны орнату



**Маңызды!**

Құрылғыны орнатқан кезде, мына қауіпсіздік туралы ескертулерге назар аударуыңыз керек:

- Құрылғыдағы су қатып қалса, ол зақымдануы мүмкін.  
Бұл құрылғыны температурасы нөлден төмен түсуі мүмкін бөлмеге орнатпаңыз.
- бұл құрылғы қызады. Құрылғыны пайдаланылатын жерге орналастырған соң, құрылғының беттері мен бүйірдегі және арттағы қабырға арасына 3 см, ал кофе құрылғысының үстіне 15 см бос орын қалдырыңыз.
- Кофе құрылғысына кірген су оны зақымдауы мүмкін. Құрылғыны шүмектерге немесе раковиналарға жақын қоймаңыз.
- Сымды қыры өткір немесе беті ыстық заттарға тимейтіндей етіп жүргізіңіз (мысалы, электрлік ыстық плиталар).

### 5.3 Құрылғыны жалғау



**Маңызды!**

Розетка қуаты кернеуінің құрылғы астындағы мәліметтер тақтасында көрсетілген кернеуге сәйкестігін тексеріңіз.

Құрылғыны тек жерге тиімді жолмен тұйықталған және ток қуаты кемінде 10 А болатын розеткаға қосыңыз.

Егер розетка қуаты құрылғыдағы қуатқа сай болмаса, тиісті розетка түрін білікті маманға ауыстыртыңыз.

### 5.4 Құрылғы параметрлерін орнату




**Ескеріңіз:**


- Құрылғыны зауытта тексерген кезде кофе пайдаланылды, сондықтан, кофе тартқышта кофе іздері қалса, бұл – қалыпты нәрсе. Дегенмен, бұл құрылғының жаңа екеніне кепілдік береді.
- Судың қаттылығын «14. Су қаттылығын реттеу» бөліміндегі пайдалану нұсқаулығына жүгіне отырып тез арада реттеңіз. Су қаттылығын орнату

1. Құрылғыны розеткаға қосып, құрылғының артындағы негізгі қосқышты (A8) I бағытына қосыңыз (1-сурет).

Тілді таңдауыңыз керек (тілдер шамамен 3 секундтық аралықтарда жылжып отырады):

2. English (Ағылшын) жазуы пайда болған кезде,  түймесін (B9- 2-сурет) ENGLISH set (АҒЫЛШЫН таңдалды) жазуы шыққанша бірнеше секунд басыңыз.

Құрылғы дисплейінде көрсетілген мына нұсқауларды орындаңыз:

3. су ыдысын (A9) шығарыңыз, MAX жолағына дейін таза сумен толтырып (3A суреті), құрылғыға қайта салыңыз (3B суреті).
4. Сыйымдылығы кемінде 100 мл болатын ыдысты капучино жасағыш (A19) астына қойыңыз (4-сурет).
5. “TURN STEAM DIAL”: turn the steam dial (A20) to the I position (fig. 4). Hot Water Confirm? (Ыстық су. Растау керек пе?) хабары көрсетіледі;
6. Растау үшін  түймесін басыңыз. Құрылғы капучино жасағыштан

су ағызады да, автоматты түрде ажыратылады.

7. Turn the steam dial to the 0 position.

Кофе жасау құрылғысы енді әдеттегідей пайдалануға дайын.

### **Ескеріңіз:**

- құрылғыны орнатқан кезде, ол қанағаттанарлық нәтижені 4-5 кесе кофе немесе 4-5 капучино жасағаннан кейін береді.
- Кофенің рахатын одан бетер күшейту және құрылғының тиімділігін жақсарту үшін, біз «15. Су жұмсартқыш сүзгі» бөлімінде сипатталғандай, су жұмсартқыш сүзгіні (C4) орнатуды ұсынамыз (бар болса). Water softener filter” (if provided). Егер сіздегі үлгі сүзгімен келмесе, оны De’Longhi тұтынушыларды қолдау орталығынан талап ете аласыз.


## 6. ҚҰРЫЛҒЫНЫ ІСКЕ ҚОСУ

### **Ескеріңіз:**

- Құрылғыны іске қоспас бұрын, құрылғының артындағы негізгі қосқыштың I бағытында қосылғанын тексеріңіз (1-сурет).
- Құрылғы іске қосылған сайын, ол кедергі жасауға болмайтын алдын ала қыздыру және шаю циклін автоматты түрде орындайды. Құрылғы тек осы цикл аяқталған соң ғана пайдалануға дайын болады.

### **Күйіп қалу қаупі бар!**

Шаю барысында кофе шүмегінен (A12) шамалы су шығады және төмендегі тамшы науасына (A17) жиналады. Су шашырандыларынан абай болыңыз.

- Құрылғыны іске қосу үшін  түймесін (B2- 5-сурет) басыңыз. Heating up, Please wait (Қызуда, күте тұрыңыз) хабары көрсетіледі.

Қызып болған соң, хабар “Rinsing” (Шаю) хабарына ауысады. Ыстық су айналымының әсерінен су қайнату бөлігімен қоса, бұл ішкі ағын түтіктерін де қыздырады.

Кофенің дәмі мен мөлшерін көрсететін хабар пайда болған кезде құрылғының тиісті температурада болғаны.


## 7. ҚҰРЫЛҒЫНЫ ӨШІРУ

Құрылғы кофе жасау үшін пайдаланылғаннан кейін кез келген уақытта ол автоматты шаю процесін орындайды.

### **Күйіп қалу қаупі бар!**

Шаю барысында кофе шүмектерінен (A12) аздап ыстық су шығады және төмендегі тамшы науасына жиналады.


Су шашырандыларынан абай болыңыз.

Құрылғыны өшіру үшін  түймесін (B2-6-сурет) басыңыз. Құрылғы шаю циклін орындап, өшіріледі.

### **Ескеріңіз:**

Егер құрылғы ұзақ уақыт бойы пайдаланылмаса, негізгі қосқышты (A8) 0 бағытына орналастырыңыз (3-сурет).

### **Маңызды!**

Құрылғыны зақымдап алмас үшін, ешқашан негізгі қосқышты 0 бағытына құрылғы  түймесін пайдаланып ажыратылғанша қоймаңыз.

## 8. МӘЗІР ПАРАМЕТРЛЕРІ


P түймесін (B3) басу арқылы параметрлер мәзірін ашқан кезде, мына мәзір тармақтарын таңдауға болады: Descale (Қақ тазалау), Adjust time (Уақытты реттеу), Auto-off (Авто өшіру), Auto-start (Авто қосу), Set temperature (Температураны орнату), Energy saving (Қуат үнемдеу), Water hardness (Су қаттылығы), Set language (Тіл орнату), Install filter (Сүзгіні орнату), Replace filter (Сүзгіні ауыстыру), Beep (Сигнал), Default values (Әдепкі мәндер), Statistics (Статистика).




### 8.1 Қақ тазалау

Қақ тазалау туралы нұсқауларды “13. Қақ тазалау” бөлімінен көріңіз. Descaling”.

### 8.2 Уақытты реттеу

Дисплейдегі (B1) уақытты реттеу үшін, мына әрекетті орындаңыз:




1. Мәзірге кіру үшін P (Мәзір) түймесін (B3) басыңыз;
2. Таңдау деңгелегін (B5 - 8-сурет) Adjust time (Уақытты реттеу) хабары көрінгенше бұраңыз;
3.  түймесін басыңыз (B9 - 2-сурет).

- Сағатты өзгерту үшін таңдау дөңгелегін басыңыз;
  - Растау үшін  түймесін басыңыз.
  - Сағатты өзгерту үшін таңдау дөңгелегін басыңыз;
  - Растау үшін  түймесін басыңыз.
- Бұл уақытты орнатады. Мәзірден шығу үшін  (B4) түймесін басыңыз.

### 8.3 Авто өшіру

Авто өшіру уақытын құрылғы 15 не 30 минуттан немесе 1, 2 немесе 3 сағаттан кейін өшірілетін етіп өзгертуге болады.

Авто өшіру функциясын бағдарламалау үшін келесі әрекеттерді орындаңыз:

- Мәзірге кіру үшін P (Мәзір) түймесін (B3) басыңыз;
- Таңдау дөңгелегін (B5 - 8-сурет) Auto-off (Авто өшіру) хабары көрінгенше бұраңыз;
-  түймесін басыңыз.
- Таңдау дөңгелегін қажетті жұмыс істеу уақыты (15 немесе 30 минут немесе 1, 2 не 3 сағат) көрсетілгенше бұраңыз;
- Растау үшін  түймесін басыңыз.
- Мәзірден шығу үшін  (B4) түймесін басыңыз.




Авто өшіру бағдарламаланды.



### 8.4 Авто қосу


Кофені қалаған уақытта дереу жасау мақсатында құрылғыны белгілі бір уақытта (мысалы, таңертең) дайын болатындай ету үшін авто бастау уақытын орната аласыз.

#### Ескеріңіз:




Осы функцияны іске қосу үшін, **уақыт дұрыс орнатылған болуы керек.**

- Мәзірге кіру үшін P (Мәзір) түймесін (B3) басыңыз;
- Таңдау дөңгелегін (B5 - 8-сурет) Auto-off (Авто өшіру) хабары көрінгенше бұраңыз;
-  түймесін басыңыз (B9 - 2-сурет). Enable? (Қосылсын ба?) сұрағы көрсетіледі;
- Растау үшін  түймесін басыңыз.
- Сағатты өзгерту үшін таңдау дөңгелегін басыңыз;
- Растау үшін  түймесін басыңыз.

- Сағатты өзгерту үшін таңдау дөңгелегін басыңыз;
- Растау үшін  түймесін басыңыз.
- Мәзірден шығу үшін  (B4) түймесін басыңыз.




Уақыт расталған соң, авто бастау функциясының іске қосылғаны уақытпен бірге  белгісінің, мәзірдегі Auto-start (Авто бастау) тармағының астында уақыттың пайда болуымен көрсетіледі.

Бұл функцияны ажырату үшін:

- Мәзірден “Auto-start” (Авто бастау) тармағын таңдаңыз;
- Press the  button. Disable? (Ажыратылсын ба?) сұрағы көрсетіледі;
- Растау үшін  түймесін басыңыз.  белгісі одан әрі көрсетілмейді.


### 8.5 Температураны орнату

Кофе жасау үшін пайдаланылатын судың температурасын өзгерту үшін, мыналарды орындаңыз:




- Мәзірге кіру үшін P (Мәзір) түймесін (B3) басыңыз;
- Таңдау дөңгелегін (B5 - 8-сурет) Set temperature (Температураны орнату) хабары көрінгенше бұраңыз;
-  түймесін басыңыз (B9 - 2-сурет).
- Таңдау дөңгелегін қажетті температура (жоғары, орташа, төмен) көрінгенше бұраңыз;
- Растау үшін  түймесін басыңыз.
- Мәзірден шығу үшін  (B4) түймесін басыңыз.

### 8.6 Қуат үнемдеу

Бұл функцияны қуат үнемдеу мүмкіндігін қосу немесе өшіру үшін пайдаланыңыз. Бұл функция іске қосылған кезде, Еуропалық ережелерге сай қуат тұтыну мөлшері азаяды.

- Мәзірге кіру үшін P (Мәзір) түймесін (B3) басыңыз;
- Таңдау дөңгелегін (B5 - 8-сурет) Energy saving (Қуат үнемдеу) хабары көрінгенше бұраңыз;
-  түймесін басыңыз (B9 - 2-сурет). Disable? (Ажыратылсын ба?) хабары көрсетіледі (немесе функция бұрын ажыратылған болса Enable? (Іске қосылсын ба?) хабары көрсетіледі);



4. Функцияны іске қосу үшін  түймесін немесе ажырату үшін  түймесін (B4) басыңыз;
5. Мәзірден шығу үшін  түймесін басыңыз.

Бұл функция іске қосулы болған кезде құрылғы біраз уақыт бойы пайдаланылмаса, Energy saving (Қуат үнемдеу) хабары көрсетіледі.

### **Ескеріңіз:**




Қуат үнемдеу режимінде болған кезде, бірінші кофе құйылғанша бірнеше секунд өтуі мүмкін, себебі құрылғы қайта қызуы керек.

## 8.7 Су қаттылығын орнату

Су қаттылығын орнату туралы нұсқауларды “14.1. Су қаттылығын реттеу” бөлімінен көріңіз.

## 8.8 Тілді орнату

Дисплей (B1) тілін өзгерту үшін, мына әрекетті орындаңыз:

1. Мәзірге кіру үшін P (Мәзір) түймесін (B3) басыңыз;
2. Таңдау дөңгелегін (B5 - 8-сурет) Set temperature (Температураны орнату) хабары көрінгенше бұраңыз;
3.  түймесін басыңыз (B9 - 2-сурет).
4. Таңдау дөңгелегін қажетті тіл көрінгенше басыңыз;
5. Растау үшін  түймесін басыңыз.
6. Мәзірден шығу үшін  (B4) түймесін басыңыз.

## 8.9 Сүзгіні орнату

Сүзгіні (C4) орнату әдісі туралы нұсқауларды «15,1 Сүзгіні орнату» бөлімінен көріңіз.





## 8.10 Сүзгіні салу

Сүзгіні (C4) орнату әдісі туралы нұсқауларды «15,2 Сүзгіні ауыстыру» бөлімінен көріңіз.

## 8.11 Сигналды іске қосу/ажырату



Түйме басылған кезде немесе бір қосымша құрал енгізілген/шығарылған кезде құрылғының сигнал шығару мүмкіндігін іске қосады немесе ажыратады. Әдепкі параметр бойынша дыбыс іске қосылған болады.

1. Мәзірге кіру үшін P (Мәзір) түймесін (B3) басыңыз;

2. Таңдау дөңгелегін (B5 - 8-сурет) Auto-off (Авто өшіру) хабары көрінгенше бұраңыз;
3.  түймесін басыңыз (B9 - 2-сурет). Disable? (Ажыратылсын ба?) немесе Enabled? (Іске қосылған ба?) сұрағы көрсетіледі;
4. Сигналды іске қосу немесе ажырату үшін  түймесін (немесе одан шығы үшін  түймесін) басыңыз;
5. Дыбысты сигналдың іске қосылуы мәзірдегі Веер (Дыбысты сигнал) тармағынан кейін жұлдызшамен көрсетіледі. Мәзірден шығу үшін  түймесін басыңыз.

## 8.12 Әдепкі мәндер (қалпына келтіру)



Бұл барлық мәзір параметрлері мен бағдарламаланған мөлшерлерді әдепкі мәндерге қалпына келтіреді.

1. Press the P button (C3) to enter the menu;
2. Таңдау дөңгелегін (B5 - 8-сурет) Default values (Әдепкі мәндер) хабары көрінгенше бұраңыз;
3.  түймесін басыңыз (B9 - 2-сурет).
4. Одан кейін Confirm? (Растау керек пе?) хабары көрсетіледі;
5. Растау және шығу үшін  түймесін басыңыз.

## 8.13 Статистика функциясы

Бұл құрылғыға қатысты статистиканы көрсетеді.

Оны көрсету үшін мыналарды орындаңыз:

1. Мәзірге кіру үшін P (Мәзір) түймесін (B3) басыңыз;
2. Таңдау дөңгелегін (B5 - 8-сурет) Auto-off (Авто өшіру) хабары көрінгенше бұраңыз;
3.  түймесін басыңыз (B9 - 2-сурет).
4. Таңдау дөңгелегін тексеру үшін бұраңыз:
  - қанша кофе жасалды;
  - құрылғы қағы қанша рет тазаланды;
  - жалпы құйылған су мөлшері;
  - су сүзгісінің қанша рет ауыстырылғаны.
5. Мәзірден шығу үшін  (B4) түймесін басыңыз.



## 9. КОФЕ ЖАСАУ

### 9.1 Кофе дәмін таңдау

Құрылғы әдепкіде дәмі қалыпты кофе жасау параметрмен орнатылады.

Мына дәмдердің бірін таңдай аласыз:


Өте жұмсақ дәм

жұмсақ дәм

қалыпты дәм

қою дәм

өте қою дәм

Дәмді өзгерту үшін  түймесін (B6-7-сурет) қажетті дәм көрсетілгенше қайталап басыңыз.

### 9.2 Кеседегі кофе мөлшерін таңдау


Құрылғы әдепкіде қалыпты мөлшердегі кофені жасау параметріне орнатылады.

Кофе мөлшерін таңдау дөңгелегін (B5 - 8-сурет) қажетті кофе мөлшеріне қатысты хабар көрсетілгенше бұраңыз:

Таңдалған кофе	Кеседегі мөлшер (мл)
MY COFFEE	БАҒДАРЛАМАЛАНАДЫ: дан ≈20 ҚАРАЙ ≈180
ESPRESSO	≈40
STANDARD	≈60
LONG	≈90
EXTRA LONG	≈120


### 9.3 «Менің кофем» мөлшерін реттеу

Құрылғы әдепкі параметр бойынша 30 мл «МЕНИҢ КОФЕМ» кофесін құю режиміне орнатылады. Осы мөлшерді өзгерту үшін, мына әрекеттерді орындаңыз:

1. Кофе шүмегінің астына бір кесе қойыңыз (A12 - 9-сурет).
2. Таңдау дөңгелегін (B5 - 8-сурет) MY COFFEE (МЕНИҢ КОФЕМ) хабары көрінгенше бұраңыз;
3.  түймесін (B7 - 12-сурет) дисплейде (B1) "1 MY COFFEE Program quantity" (1 МЕНИҢ КОФЕМ бағдарламасының мөлшері)

хабары көрсетілгенше және кофе құйыла бастағанша басып тұрыңыз. Одан кейін түймені жіберіңіз;

4. Кеседегі кофе қажетті деңгейге жеткен соң,

 түймесін қайта басыңыз.


Кеседегі орнатылған кофе мөлшері бағдарламаланды.

### 9.4 Кофе тартқышты реттеу

Кофе тартқыш әдепкі параметр бойынша кофені дұрыс дайындайтындай етіп орнатылады және оны реттеудің қажеті жоқ. Дегенмен, алғашқы бірнеше кесе кофені жасағаннан кейін кофенің өте әлсіз және кілегейлі емес екендігі немесе оның өте жай құйылатыны байқалса (тамшылап тұрса), оны тартуды реттеу дөңгелегін (A2 - 10-сурет) реттеу арқылы түзетуге болады.

#### Ескеріңіз:

Тартуды реттеу дөңгелегін (A2) тек кофе тартқыш жұмыс істеп тұрған кезде ғана бұрау керек.




Егер кофе өте баяу құйылса немесе мүлдем құйылмаса, дөңгелекті сағат тілі бағытымен "7" санына қарай бір рет "сырт" еткізіп бұраңыз.

Толық кілегейлі кофе жасау үшін, сағат тілі бағытына қарсы "1" санына қарай бір рет "сырт" еткізіп бұраңыз (бір бұрағанда бір реттен артық "сырт" еткізіп бұрамаңыз, әйтпесе кофе тамшылап құйылуы мүмкін).

Бұл реттеулердің нәтижесі тек 2 кесе кофе жасалғаннан кейін ғана байқалады. Егер бұл реттеу қажетті нәтижені бермесе, дөңгелекті тағы бір рет "сырт" еткізіңіз.

### 9.5 Ыстығырақ кофе алу туралы кеңестер

Кофе ыстық болуы үшін, мыналарды орындауыңыз керек:



- кофе құйылмас бұрын,  түймесін (B4) басу арқылы шаю циклін орындаңыз. Құрылғының ішкі жүйелерін қыздыру арқылы шүмектен (A12) ыстық су ағады, осылайша кофе температурасы көтеріледі;

- кеселерді ыстық сумен жылытыңыз (ыстық су функциясын пайдалану);
- ыстығырақ кофе температурасын орнату («8,5 Температураны орнату» тарауын қараңыз).

## 9.6 Кофе дәндерінен кофе жасау





### **Маңызды!**

Ешқашан карамельденген немесе қант қосылған кофе дәндерін пайдаланбаңыз, себебі олар кофе тартқышқа жабысып, оны зақымдауы мүмкін.

1. Контейнерді кофе дәндерімен (A7 - 11-сурет) толтырыңыз.
2. Кофе шүмектерінің астына орналастырыңыз:
  - 1 кесе кофе жасағыңыз келсе, 1 кесе қойыңыз (9-сурет);
  - 2 кесе кофе жасағыңыз келсе, 2 кесе қойыңыз.
3. Шүмектерді (A12) кеселерге қарай мүмкіндігінше төмендетіңіз (13-сурет). Кілегейлі кофе осылай жасалады.
4. Қажетті кесе санына қатысты түймені басыңыз (1 кесе  B7 немесе 2 кесе  B8) (12 және 14-суреттер).
5. Дайындау басталады. Таңдалған кофе мөлшері кофе дайындау барысында бірте-бірте толатын прогресс жолағымен бірге көрсетіледі.

Кофе жасалған соң, құрылғы келесі сусынды жасауға дайын болады.

### **Ескеріңіз:**

- Құрылғы кофе жасап жатқан кезде, құюды кез келген уақытта екі кофе жасау түймесінің ( немесе ) бірін басу арқылы тоқтатуға болады.
- Құйылып болған соң кеседегі кофе мөлшерін көбейту үшін, кофе түймелерінің бірін бассаңыз болғаны (3 секунд ішінде) ( немесе )

### **Ескеріңіз:**

Кофені ыстық етіп жасау туралы ақпаратты «9,5 Ыстығырақ кофе алу туралы кеңестер» бөлімінен көріңіз.

### **Маңызды!**

- Егер кофе тамшылап құйылса, тым сұйық болса және жеткілікті деңгейде кілегейлі болмаса немесе тым салқын болса, “19. Ақаулықтарды жою” бөліміндегі кеңестерді оқыңыз.
- Құрылғыны пайдалану барысында дисплейде (B1) әр түрлі апат хабарлары көрсетілуі мүмкін (fill tank (ыдысты толтырыңыз), empty grounds container (ұнтақ кофе ыдысын босатыңыз), т.б.). Олардың мағыналары «18. Көрсетілетін хабарлар» бөлімінде түсіндірілген. Displayed messages”.

## 9.7 Ұнтақ кофеден кофе жасау



### **Маңызды!**

- Ұнтақ кофе воронкасына (A6) ешқашан кофе дәндерін салмаңыз, себебі олар құрылғыны бұзуы мүмкін.
- Құрылғы өшірулі кезде ешқашан ұнтақ кофені салмаңыз, әйтпесе ол құрылғының қуыс-қуыстарына таралып, оны былғауы мүмкін. Бұл құрылғыны зақымдауы мүмкін.
- Ешқашан 1 деңгейлі мөлшерден (C2) артық пайдаланбаңыз, әйтпесе ол кофе құрылғысының ішін былғауы немесе воронканы бітеп тастауы мүмкін.



### **Ескеріңіз:**

Ұнтақ кофені пайдаланған кезде, сіз бір уақытта тек бір кофе жасай аласыз.

1. Құрылғының қосулы екеніне көз жеткізіңіз;
2.  түймесін (B6 - 7-сурет) Pre-ground (Тартылған) хабары көрсетілгенше басыңыз;
3. Воронканың бітеліп қалмағанына көз жеткізіп, бір деңгей мөлшеріндегі ұнтақ кофені (A6) салыңыз (15-сурет);
4. Кофе шүмегінің астына бір кесе қойыңыз (A12 - 9-сурет);
5. 1 кесе кофе түймесін басыңыз  (B7 - 12-сурет);

6. Дайындау басталады. Таңдалған кофе мөлшері кофе дайындау барысында бірте-бірте толатын прогресс жолағымен бірге көрсетіледі.

## 10. КАППУЧИНО ЖӘНЕ ЫСТЫҚ СҮТ ЖАСАУ (КӨПІРШІКСІЗ)



### **Күйіп қалу қаупі бар!**


Дайындау барысында бу шығады. Күйіп қалудан сақ болыңыз.

1. Каппучино жасаған кезде, кофені үлкен кесеге жасаңыз;
2. Ыдысқа (мүмкін болса, күйіп қалудан сақ болу үшін сабы бар ыдысты пайдаланыңыз) әрбір капучино үшін шамамен 100 мл сүт құйыңыз. Ыдысты таңдаған кезде сүттің көлемі екі немесе үш есе көбейетінін ескеріңіз;



### **Ескеріңіз:**

Қоюлау көпіршікке қол жеткізу үшін, тоңазытқыш температурасында (шамамен 5°C) сақталған шайқалған немесе жартылай шайқалған сүтті пайдаланыңыз. Көпіршігі нашар немесе көбіктері үлкен сүт болмас үшін, капучино жасағышты (A19) әрқашан «Каппучино жасағышты пайдаланып болған соң тазалау» бөлімде сипатталғандай етіп тазалаңыз.

3. Каппучино құрылғысын таңдау сақинасының (A18) CAPPUCCINO бағытына төмен орналаспағанына көз жеткізіңіз (16-сурет);
4.  түймесін (B9) басыңыз. Heating up Please wait (Қызуда, күте тұрыңыз) хабары көрсетіледі, бірнеше секундтан кейін артынша TURN STEAM DIAL (БУ ТЕТІГІН БҰРАҢЫЗ) хабары шығады;
5. Каппучино жасағышты сыртқа қарай бұрып, сүт ыдысына (17-сурет) батырыңыз. Қара сақинаны батырып алмаңыз;
6. Таңдау дөңгелегін тексеру үшін бұраңыз: I position (fig. 4). Каппучино жасағыштан бу шығып, кофеге кілегейлі көбік түрін және үлкенірек көлем береді;
7. Кілегейлі көпіршік жаса үшін ыдысты жайлап қана жоғары қарай ырғап жылжытыңыз. (Буды 3 минуттан артық құйып тұрмаңыз);

8. Қалаған көпіршікті алған соң, бу тетігін O бағытына қайта бұрау арқылы буды тоқтатыңыз. O position.



### **Күйіп қалу қаупі бар!**

Қайнап жатқан сүттің шашырауынан күйіп қалуға жол бермес үшін, көпіршікті сүті бар ыдысты алмас бұрын буды тоқтатыңыз.

9. Сүт көпіршігін бұған дейін дайындалған кеседегі кофеге қосыңыз. Каппучино дайын. Дәмді тәттілендіріңіз және қажет болса көпіршітілген сүтке шамалы какао ұнтағын себіңіз.

### 10.1 Ыстық сүт жасау (көпіршіксіз)

Ыстық сүтті көпіршіксіз жасау үшін, жоғарыдағы бөлімде сипатталғандай әдіспен жалғастырыңыз, капучино жасағыштағы таңдау сақинасының (A18) жоғарыдағы HOT MILK (ЫСТЫҚ СҮТ) бағытына орнатылғанына көз жеткізіңіз.

### 10.2 Каппучино жасағышты пайдаланып болған соң тазалау

Сүт қалдықтарының жиналуына және шүмектерінің (A19) бітеліп қалуына жол бермес үшін, капучино жасағышты әрқашан тазалап отырыңыз.

1. Каппучино жасағыштың астына ыдыс қойып, бу тетігін (A20) I бағытына бұрау арқылы бірнеше секунд бойы шамалы су ағызыңыз (5-сурет). Одан кейін ыстық су ағынын тоқтату үшін бу тетігін O бағытына бұраңыз.
2. Каппучино жасағыш суығанша бірнеше минут күтіңіз. Каппучино жасағышты сыртқа қарай бұрып, оны төмен тартып (18-сурет) шығарыңыз.
3. Таңдау сақинасын (A18) жоғарыға жылжытыңыз (19-сурет).
4. Қондырманы төмен қарай жойыңыз (20-сурет).
5. 21-суреттегі көрсеткісімен көрсетілген екі тесіктің бітелмегенін тексеріңіз. Қажет болса, инемен тазартыңыз.
6. Қондырманы орнына салыңыз, сақинаны төмен қарай жылжытыңыз және капучино жасағышты бұрау және орнына түскенше жоғары итеру арқылы қондырмаға қайта салыңыз (22-сурет).

## 11. ЫСТЫҚ СУ ДАЙЫНДАУ

### **Күйіп қалу қаупі бар!**

Ыстық су құю барысында құрылғыны ешқашан қараусыз қалдырмаңыз. Каппучино жасағыштың шүмегі (A19) су құйылып жатқан кезде қызады және қара сақинасынан (A18) ғана ұстау керек.

1. Каппучино жасағыш астына ыдыс қойыңыз (шашыраудың алдын алу үшін барынша жақын қойыңыз) (17-сурет).
2. Бу тетігін (A20) I бағытына бұраңыз (4-сурет). Hot water (Ыстық су) хабары көрсетіледі және ағу басталады.
3. Бу тетігін O бағытына бұрау арқылы тоқтатыңыз.

### **Ескеріңіз:**

Егер «Қуат үнемдеу» режимі белсенді болса, ыстық су құйылмас бұрын бірнеше секунд күту керек болуы мүмкін.

## 12. ТАЗАЛАУ

### 12.1 Құрылғыны тазалау

Құрылғының мына бөліктерін тұрақты түрде тазалап отыру керек:

- құрылғының ішкі тоғы; <sup>1-деңгей</sup>
- ұнтақ кофе ыдысы (A13);
- тамшы науасы <sup>2-деңгей</sup> (A17) және су жиналу науасы (A14);
- су ыдысы (A9); <sup>3-деңгей</sup>
- кофе шүмектері (A12);
- капучино жасағыш <sup>4-деңгей</sup> (A19);
- ұнтақ кофе воронкасы (A6);
- демдеу торы (A11) қызмет көрсету қақпағын (A10) ашқан соң қол жетімді болады;
- басқару тақтасы (A1).


### **Маңызды!**

- Кофе құрылғысын тазалау үшін еріткіштерді, қырғыш заттарды немесе спиртті пайдаланбаңыз. De'Longhi супер автоматты кофе құрылғыларын тазалау үшін тек осы құрылғыларға арналған химикаттарды ғана пайдалануыңыз керек.
- Құрамдас бөліктердің ешқайсысын ыдыс жуғышта жууға болмайды.
- Қоқымдарды және кофе қалдықтарын кетіру үшін металдан жасалған заттарды пайдаланбаңыз, себебі олар құрылғының

металл немесе пластмасса бөліктерін сырып тастауы мүмкін.

### 12.2 Құрылғының ішкі айналымын тазалау

Құрылғы 3/-4 күн бойына қолданылмайтын болса, оны қайтадан қолданбас бұрын, оны қайта қосуды және мына әрекеттерді қосуды және орындауды ұсынамыз:

-  түймесін (B4) басу арқылы 2/3 шаю циклін орындау;
- ыстық су/бу тетігін (A20) I қалпына бұрау арқылы ыстық суды жеткізу.

### **Ескеріңіз:**

Қақты тазалап болғаннан кейін тарту ыдысында (A13) судың болуы қалыпты жағдай.

### 12.3 Тартылған кофе ыдысын тазалау

"EMPTY GROUNDS CONTAINER" (ҰНТАҚ КОФЕ ЫДЫСЫН БОСАТЫҢЫЗ) хабары көрсетілген кезде, ұнтақ кофе ыдысын босату және тазалау керек. Ұнтақ кофе ыдысы (A13) тазаланып болғанша құрылғы хабарды көрсетуін жалғастырады және кофе жасау мүмкін болмайды.

Тазалау үшін (тек құрылғымен):

- Тамшы науасын шығарыңыз (A17 - 23-сурет), босатыңыз және тазалаңыз.
- Ұнтақ кофе ыдысын (A13) босатып, түбінде қалған барлық қалдықтарды кетіру үшін мұқият тазалаңыз. Оны берілген щеткадағы (C5) қырғышпен орындауға болады.
- Қызыл су жиналу науасын (A14) тексеріңіз және қажет болса босатыңыз.

### **Маңызды!**

Тамшы науасын алып жатқан кезде ұнтақ кофе ыдысын тіпті онда шамалы кофе қалса да босату керек.

Егер босатылмаса, келесі кофелерді жасаған кезде, тартылған кофе ыдысы шамадан тыс толып кетіп, құрылғы арналарын бітеуі мүмкін.

### 12.4 Тамшы науасын және су жиналу науасын тазалау

### **Маңызды!**

Егер тамшы науасы (A17) тұрақты түрде босатылмаса, оның жиегінен су асып ағуы

және құрылғының ішіне немесе жан-жағына таралуы мүмкін. Бұл құрылғыны зақымдауы, ол тұрған бетті немесе айналаны бүлдіруі мүмкін.

Тамшы науасы ондағы су деңгейін көрсететін деңгей көрсеткішімен (А16) (қызыл) белгіленген (24-сурет). Осы көрсеткіш кесе науасынан шығып тұрғанға дейін тамшы науасы босатылуы және тазалануы керек.

Тамшы науасын алу үшін:

1. Тамшы науасы мен ұнтақ кофе ыдысын (А13) шығарыңыз (23-сурет);
2. Тамшы науасы мен тартылған кофе ыдысын босатыңыз және жуыңыз;
3. Су жиналу науасын (А14) тексеріңіз және қажет болса босатыңыз.
4. Тамшы науасы мен тартылған кофе ыдысын орындарына салыңыз.

## 12.5 Кофе құрылғысын ішін тазалау



### **Электр тогына түсу қаупі бар!**

Ішкі бөліктерді тазаламас бұрын, құрылғыны өшіру («Өшіру» 7-бөлімін көріңіз) және розеткадан ажырату керек. Кофе құрылғысын ешқашан суға батырмаңыз.

1. Құрылғының іші (тамшы науасын алған соң қол жетімді болады - А17) кірлемегенін тұрақты түрде (шамамен аптасына бір рет) тексеріп отырыңыз. Қажет болса, кофе қалдықтарын губкамен тазалаңыз.
2. Барлық қалдықтарды шаңсорғышпен тазалаңыз (25-сурет).

## 12.6 Су ыдысын тазалау

1. Су ыдысын (А9) тұрақты түрде (шамамен айына бір рет және су жұмсартқыш сүзгіні (С4, егер бар болса) орнына салған сайын) дымқыл шүберекпен және шамалы жұмсақ ыдыс жуғыш сұйық затпен тазалап отырыңыз;
2. Сүзгіні алыңыз (егер бар болса) және ағынды сумен шайыңыз;
3. Сүзгіні орнына салыңыз (егер болса), ыдысты таза сумен толтырып, орнына салыңыз;
4. Сүзгіні (тек су жұмсартқыш сүзгісі бар үлгілер) қайта белсендіру үшін шамамен 100 мл ыстық су ағызыңыз.

## 12.7 Кофе шүмектерін тазалау

1. Кофе шүмектерін (А12) губкамен немесе шүберекпен тазалаңыз (26А суреті).
2. Кофе шүмектеріндегі тесіктердің бітеліп қалмағанын тексеріңіз. Қажет болса, кофе қалдықтарын тіс тазартқышпен кетіріңіз (26В сур.).

## 12.8 Тартылған кофе воронкасын тазалау

Тартылған кофе воронкасының (А6) бітелмегенін тұрақты түрде (шамамен айына бір рет) тексеріп тұрыңыз. Қажет болса, кофе қалдықтарын берілген щеткамен (С5) тазалаңыз.

## 12.9 Демдеу торын тазалау

Демдеу торын (А11) кемінде айына бір рет тазалап отыру керек.



### **Маңызды!**

Құрылғы іске қосулы болған кезде демдеу торын алу мүмкін емес.

1. Құрылғының дұрыс өшірілгеніне көз жеткізіңіз (7. «Өшіру» бөлімін көріңіз; Turning off");
2. Су ыдысын тазалаңыз (А9);
3. Құрылғының оң жағындағы демдеу торы орнының қақпағын (А10 - 27-сурет) ашыңыз;
4. Түрлі-түсті босату түймелерін ішке қарай басып тұрып, демдеу торын сыртқа қарай тартып шығарыңыз (28-сурет);



### **Маңызды!**

ТЕК СУМЕН ШАЙЫҢЫЗ

ЫДЫС ЖУҒЫШ СҰЙЫҚ ЗАТТЫ ЖӘНЕ ЫДЫС ЖУҒЫШ ҚҰРЫЛҒЫНЫ ПАЙДАЛАНБАҢЫЗ

Демдеу торын ыдыс жуғыш сұйық затсыз тазалаңыз, себебі ол зақымдануы мүмкін.

5. Демдеу торын суға шамамен 5 минут батырып қойып, ағынды су астында шайыңыз;
6. Демдеу торы тұратын жердегі тіректен кофе қалдықтарын тазалаңыз;
7. Тазалаған соң, демдеу торын ішкі тірекке (29-сурет) қарай сырғыту арқылы орнына салып, «сырт» етіп орнына түскенше PUSH

(ИТЕРУ) белгісін толық енгенше ішке қарай басыңыз.

**i Ескеріңіз:**

Егер демдеу торын енгізу қиын болса, енгізбес бұрын оны 30-суретте көрсетілген екі ілгекті басу арқылы тиісті өлшемге бейімдеңіз.



8. Салынған соң, екі түрлі-түсті түйменің шыққанына көз жеткізіңіз (31-сурет);
9. Демдеу торы орнының қақпағын жабыңыз;
10. Су ыдысын орнына салыңыз.



### 13. ҚАҚ ТАЗАЛАУ

Дисплейде (В1) “DESCALE” (ҚАҚ ТАЗАЛАУ) хабары жыпылықтаған сайын құрылғының қағын тазалап отырыңыз.

**! Маңызды!**


- Қолданбас бұрын нұсқауларды және қақ тазартқыштағы жапсырмаларды оқып шығыңыз.
- Тек De'Longhi қақ тазалағышын ғана пайдалануыңыз керек. Басқа қақ тазалағышты пайдалану және/немесе қақ тазалауды дұрыс орындамау өнім жасаушысының кепілдігінде қаралмаған ақаулықтарға себеп болуы мүмкін.

1. Құрылғыны іске қосыңыз және ол пайдалануға дайын болғанша күтіңіз;
2. Мәзірге қол жеткізу үшін Р түймесін (В3) басыңыз;
3. Таңдау дөңгелегін (В5) Descaling (Қақ тазалау) хабары көрінгенше басыңыз;
4.  түймесін (В9) басу арқылы таңдаңыз: Descale Confirm? (Қақ тазалау. Растау керек пе?) хабары көрінеді. Бұл функцияны қайта іске қосу үшін  түймесін қайта басыңыз;
5. Add descaler Confirm? (Қақ тазалағыш қосу. Растау керек пе?) хабары көрсетіледі;
6. Су ыдысын (А9) толық босатып, су жұмсартқыш сүзгіні алыңыз (С4 - егер болса);



7. Қақ тазалағышты (С3) ыдыстың ішкі бетінде белгіленген (37-сурет) А деңгейіне дейін құйып (100 мл орамына қатысты), В деңгейіне (32В суреті) дейін бір литр су құйыңыз да, су ыдысын орнына салыңыз;
8. Сыйымдылығы кемінде 1,8 литр болатын бос ыдысты каппучино жасағыш (А19) және кофе шүмектерінің (А12) астына қойыңыз (33-сурет);

**! Маңызды! Күйіп қалу қаупі бар!**

- Каппучино жасағыштан және кофе шүмектерінен құрамында қышқылы бар ыстық су ағады. Осы ерітінді шашырандысынан абай болыңыз.
9. Ерітіндіні қосқаныңызды растау үшін  түймесін басыңыз. Сосын дисплейде TURN STEAM DIAL (БУ ТЕТІГІН БҰРАҢЫЗ) хабары пайда болады.
  10. Ыстық су/бу тетігі (А20) I қалпына бұралған кезде (4-сурет), қақтан тазалау бағдарламасы басталады және қақтан тазалау сұйықтығы каппучино жасағыштан және кофе шүмектерінен ағады. Шаюлар мен тоқтатулар қатары кофе құрылғысының ішіндегі барлық қақ қалдықтарын кетіру үшін автоматты түрде орындалады;
- Шамамен 25 минуттан соң қақты тазалау тоқтатылып, FILL TANK (ЫДЫСТЫ ТОЛТЫРЫҢЫЗ) хабарлары көрсетіледі. Ыстық су/бу тетігін O қалпына бұраңыз және қақтан тазалау құралын жинау үшін қолданылатын контейнерді босатыңыз;
11. Одан кейін құрылғы таза сумен шаюға дайын болады. Су ыдысын шығарыңыз,

босатыңыз, ағын су астында шайыңыз және таза сумен MAX деңгейіне дейін толтырып, құрылғыға салыңыз:

12. Бос қақты тазалау ерітіндісін жинау үшін қолданылатын ыдысты капучино жасағыштың және кофе шүмектерінің астына қойыңыз (33-сурет);
13. Шаюды бастау үшін ыстық су/бу тетігін I қалпына бұраңыз. Кофе шүмегімен орындалатын жұмысты жалғастыру және аяқтау үшін ыстық су алдымен капучино жасағыштан беріледі.
14. Су ыдысы босаған кезде, FILL TANK (ЫДЫСТЫ ТОЛТЫРУ) хабары көрсетіледі. Ыстық су/бу тетігін O қалпына бұраңыз және шаю суын жинау үшін қолданылатын контейнерді босатыңыз;
15. Су ыдысын шығарыңыз, суды жұмсартқыш сүзгіні орнына салыңыз (егер осыған дейін алынған болса) босатыңыз, ағын су астында шайыңыз және таза сумен MAX деңгейіне дейін толтырып, құрылғыға салыңыз. Дисплейде TURN STEAM DIAL (БУ ТЕТІГІН БҰРАҢЫЗ) хабары пайда болады;
16. Шайылатын суды жинау үшін қолданылатын бос ыдысты капучино жасағыштың астына қойыңыз;
17. Ыстық су/бу тетігін I қалпына бұраңыз. Шаю тек қана капучино жасағыштан жалғастырылады;
18. Аяқталған кезде дисплейде TURN STEAM DIAL (БУ ТЕТІГІН БҰРУ) хабары көрсетіледі. Ыстық су/бу тетігін O қалпына бұраңыз;
19. FILL TANK (ЫДЫСТЫ ТОЛТЫРЫҢЫЗ) хабары көрінеді. Алып, таза сумен су ыдысын MAX деңгейіне дейін толтырып, кері құрылғыға қойыңыз.

Қақ тазалау аяқталды.

#### **i** Ескеріңіз:

- Егер қақ тазалау дұрыс орындалмаса (мысалы, жарық жоқ), циклді қайталауды ұсынамыз;
- Қақты тазалап болғаннан кейін тарту ыдысында (A13) судың болуы қалыпты жағдай.


## 14. СУ ҚАТТЫЛЫҒЫН ОРНАТУ

Бір кезеңдік уақыт өткен соң су қаттылығына сай DESCALE (ҚАҚ ТАЗАЛАҢЫЗ) хабары көрсетіледі.




The machine is set by default for a hardness value of 4. Бұл құрылғы әдепкі параметр бойынша 4 мәніне орнатылады. Сонымен қатар, бұл құрылғыны әр түрлі аймақтардағы құбыр суының қаттылығына сай бағдарламалау арқылы құрылғыны сирегірек тазалау қажет болатындай етіп орнатуға болады.

### Су қаттылығын өлшеу

1. TOTAL HARDNESS TEST (ТОЛЫҚ ҚАТТЫЛЫҚТЫ ТЕКСЕРУ) индикаторын орамынан (C1) шығарыңыз (ағылшын тіліндегі нұсқауларға тіркелген).
2. Қағазды стакандағы суға бір секундқа толығымен батырып алыңыз.
3. Қағазды судан шығарып, жайлап сілкіңіз. Шамамен бір минуттан соң 1, 2, 3 немесе 4 қызыл шаршы судың қаттылығының деңгейіне қарай көрінеді. Әрбір шаршы бір деңгей болып есептеледі.



### 14.1 Су қаттылығын орнату

1. Мәзірге кіру үшін P (Мәзір) түймесін (B3) басыңыз;
2. Water Hardness (Су қаттылығы) тармағын таңдау үшін таңдау дөңгелегін (B5) басыңыз.
3. Таңдауды  түймесін (B9) басу арқылы растаңыз;
4. Таңдау дөңгелегін бұрып, көрсеткіш қағазда көрсетілген деңгейді орнатыңыз (алдыңғы бөлімді қараңыз);
5.  түймесін басып, таңдауды растаңыз.
6. Мәзірден шығу үшін  (B4) түймесін басыңыз.

Құрылғы сол кезде жаңа су қаттылығының параметрімен бағдарламаланады.




## 15. СУ ЖҰМСАРТҚЫШ СҮЗГІ (БЕРІЛГЕН БОЛСА)

Кейбір үлгілерге су жұмсартқыш сүзгі бекітіледі (C4). Егер сіздегі үлгіде ондай болмаса, De'Longhi тұтынушыны қолдау қызметтерінен сатып алуды ұсынамыз. Сүзгіні дұрыс пайдалану үшін, төмендегі нұсқаларды орындаңыз.

### 15.1 Сүзгіні орнату

1. Сүзгіні (C4) орамынан шығарыңыз;




2. Күн көрсеткішінің дискісін (34-сурет) қолданудың келесі екі айы көрінгенше бұраңыз;

**i Ескеріңіз:**

Құрылғы дұрыс пайдаланылса, бұл сүзгі екі айға жарамды болады. Егер кофе құрылғысы сүзгісі



енгізілген күйде пайдаланылмай қалса, сүзгі тек үш аптаға жарамды болады.



3. Сүзгіні іске қосу үшін, суретте көрсетілгендей етіп сүзгі ішіндегі тесік арқылы су ағызыңыз, су б ұ й і р д е г і тесіктерден бір минуттан астам ағуы керек (35A-сурет);

4. Ыдысты (A9) құрылғыдан шығарып, сумен толтырыңыз;

5. Сүзгіні су ыдысына салып, шамамен отыз секундтай толық батырыңыз да, ауа көпіршіктерін шығарып жіберу үшін қисайтыңыз (35B суреті);




6. Сүзгіні корпусына салыңыз және орнына жеткенше басыңыз (36A суреті);


7. Ы д ы с т ы қ қақпағын (39-сур.) жауып, ыдысты қ ұ р ы л ғ ы д а ғ ы орнына салыңыз; Сүзгіні орнатқан кезде, оның бар екенін құрылғыға ескеруіңіз

керек.

8. Мәзірге кіру үшін P (Мәзір) түймесін (B3) басыңыз;


9. Таңдау дөңгелерін (B5 - 8-сурет) Install filter (Сүзгіні орнату) хабары көрінгенше бұраңыз;

10.  түймесін басыңыз (B9); Enable? (Қосылсын ба?) сұрағы көрсетіледі;

11. Таңдауды растау үшін  түймесін басыңыз. Дисплейде TURN STEAM DIAL (БУ ТЕТІГІН БҰРАҢЫЗ) хабары пайда болады;

12. Каппучино жасағыш астына ыдыс қойыңыз (кемінде: 500 мл);

13. Ыстық су/бу тетігін I қалпына бұраңыз. I position (fig. 4). HOT WATER Confirm? (ЫСТЫҚ СУ. Растау керек пе?) хабары көрсетіледі;

14.  түймесін басып, таңдауды растаңыз. Құрылғы ыстық су құяды бастайды және Please wait (Күте тұрыңыз) хабары көрінеді;

15. Су құйылып болған кезде, TURN STEAM DIAL (БУ ТЕТІГІН БҰРАҢЫЗ) хабары көрсетіледі;




16. Бу тетігін O бағытына бұраңыз (4-сурет). Құрылғы Ready for coffee (Кофе жасауға дайын) күйіне автоматты түрде оралады.

Жаңа сүзгі белсенді және мәзірдегі Install filter (Сүзгі орнату) тармағының астындағы көрсетілетін жұлдызша арқылы көрсетіледі. Құрылғыны енді пайдалануға болады.

### 15.2 Сүзгіні салу

REPLACE FILTER (СҮЗГІНІ САЛЫҢЫЗ) хабары көрсетілген кезде, екі айдан соң (күн көрсеткішін көріңіз) немесе құрылғы 3 апта бойы пайдаланылмаса, сүзгіні ауыстырыңыз:

1. Ыдысты (A9) және бітеліп қалған сүзгіні (C4) шығарыңыз;


2. Жаңа сүзгіні орамынан шығарыңыз және алдыңғы бөлімнің 3, 4, 5, 6 және 7-тарауларында көрсетілгендей жалғастырыңыз;
3. Капучино жасағыштың астына ыдыс (ең аз сыйымдылығы: 500 мл) капучино жасағыштың (A19) төменгі жағында;
4. Мәзірге кіру үшін P (Мәзір) түймесін (B3) басыңыз;
5. Таңдау дөңгелегін (B5) REPLACE FILTER (Сүзгіні орнына салу) хабары көрінгенше бұраңыз.
6.  түймесін басыңыз (B9);
7. Одан кейін Confirm? (Растау керек пе?) хабары көрсетіледі;
8. Таңдауды растау үшін  түймесін басыңыз. Дисплейде TURN STEAM DIAL (БУ ТЕТІГІН БҰРАҢЫЗ) хабары пайда болады;
9. Ыстық су/бу тетігін I қалпына бұраңыз. Hot Water Confirm? (Ыстық су. Растау керек пе?) хабары көрсетіледі;
10.  түймесін басып, таңдауды растаңыз. Құрылғы ыстық су құюды бастайды және Please wait (Күте тұрыңыз) хабары көрінеді;
11. Құйған соң, Turn steam dial (Бу тетігін бұраңыз) көрсетіледі. Бу тетігін 0 бағытына бұраңыз, сонда құрылғы Ready for coffee (Кофе жасауға дайын) бағытына автоматты түрде оралады.



Содан кейін жаңа сүзгі белсенді болады және кофе құрылғысын пайдалана аласыз.

### 15.3 Сүзгіні шығару

Егер құрылғыны сүзгісіз (C4) пайдаланғыңыз келсе, оны алып, құрылғыға оның алынғаны туралы ескертуіңіз керек.

Мына әрекетті орындаңыз:

1. Ыдысты (A9) және бітеліп қалған сүзгіні шығарыңыз;
2. Мәзірге кіру үшін P (Мәзір) түймесін (B3) басыңыз;
3. Таңдау дөңгелегін (B5 - 8-супет) Install filter (Сүзгіні орнату) хабары көрінгенше бұраңыз;
4.  түймесін басыңыз (B9);
5. Disable? (Ажыратылсын ба?) сұрағы көрсетіледі;

6. Растау үшін  түймесін басыңыз және мәзірден шығу үшін  (B4) түймесін басыңыз.

### 16. ТЕХНИКАЛЫҚ ДЕРЕК

Кернеу: 220-240 В~ 50/60 Гц макс. 10 А

Қуат: 1450 Вт

Қысым: 1,5 МПа (15 бар)


Су ыдысының сыйымдылығы: 1,8 Л

ЛхДхН өлшемі: 240x430x350 мм

Сым ұзындығы: 1150 мм

Салмағы: 9,0 кг

Дәндер ыдысының сыйымдылығы: 250 г

 Бұл құрылғы мына ЕС директиваларына сәйкес:

- Еуропалық күту режиміне қатысты 1275/2008 ережесі
- 1935/2004 Еуропалық реттеу тағам тиетін материалдар мен керек-жарақтар ережесіне сәйкес.

### 17. ТАСТАУ



Құралды үй қоқысымен бірге тастамау керек, оны өкілетті оқыстарды сұрыптау және қайта өңдеу орталығына апару керек.

## 18. КӨРСЕТИЛЕТІН ХАБАРЛАР

КӨРСЕТИЛЕТІН ХАБАР	ЫҚТИМАЛ СЕБЕБІ	ШЕШІМІ
EMPTY GROUNDS CONTAINER (ҰНТАҚ КОФЕ ЫДЫСЫН БОСАТЫҢЫЗ)	Ұнтақ кофе ыдысы (A13) толып кеткен.	Ұнтақ кофе ыдысы мен тамшы науасын (A17) босатыңыз, тазалаңыз да орындарына салыңыз. тамшы науасын алып жатқан кезде ұнтақ кофе ыдысын тіпті онда шамалы кофе қалса да босату керек. Егер босатылмаса, келесі кофелерді жасаған кезде, тартылған кофе ыдысы шамадан тыс толып кетіп, құрылғы арналарын бітеуі мүмкін.
FILL TANK (ЫДЫСТЫ ТОЛТЫРЫҢЫЗ)	Ыдыстағы су жеткіліксіз (A9).	Су ыдысын толтырыңыз және/ немесе «сырт» етіп орнына киілгенше итеру арқылы дұрыстап салыңыз.
INSERT TANK (ЫДЫСТЫ САЛЫҢЫЗ)	Ыдыс (A9) орнына дұрыс салынбаған.	Су ыдысын дұрыстап енгізіңіз және орнына түскенше басыңыз.
INSERT GROUNDS CONTAINER (ҰНТАҚ КОФЕ ЫДЫСЫН ЕНГІЗІҢІЗ)	Тазалаған ұнтақ кофе ыдысы орнына салынбаған (A13).	Тамшы науасын (A17) шығарып, ұнтақ кофе ыдысын орнына салыңыз.
GROUND TOO FINE ADJUST MILL (ҰНТАҚ КОФЕ ТЫМ ҰСАҚ, КОФЕ ТАРТҚЫШТЫ РЕТТЕҢІЗ) хабары TURN STEAM DIAL (БУ ТЕТІГІН БҰРАҢЫЗ) ХАБАРЫМЕН КЕЗЕКТЕСІП КӨРСЕТИЛЕДІ	Тартылған кофе тым майда және кофе өте жай құйылуда немесе мүлдем құйылмауда.	Кофені тағы да құйып көріңіз және кофе тартқыш жұмыс істеп тұрған кезде тартуды реттеу дөңгелегін сағат тілі бағытымен «7» санына қарай бұраңыз (A2 - 10-сурет). Егер 2 кесе кофе құйылғаннан кейін әлі де жай құйылса, тартуды реттеу дөңгелегін құйылу дұрысталғанша тағы бір рет «сырт» еткізіп бұрау арқылы дұрыстау процедурасын қайталаңыз (мына бөлімді қараңыз: «9.4 Кофе тартқышты реттеу». Егер проблема қайталана берсе, бу тетігін (A19) I бағытына бұрап, капучино жасағыштан ыстық су ағызыңыз.
	Егер су жұмсартқыш сүзгі (C4) болса, түтіктерден ауа көбігі шығып, құюға кедергі жасауы мүмкін.	Бу тетігін ағын (A20) қалыпты болмайынша I қалпына бұрау арқылы аздап су құйыңыз.

ADD PRE-GROUND COFFEE (ҰНТАҚ КОФЕ ҚОСЫҢЫЗ)	Воронкаға (А6) ұнтақ кофе салынбаса да ұнтақ кофе жасау функциясы таңдалған.	Воронкаға алдын ала тартылған кофені салыңыз немесе “pre-ground” (тартылған кофе) функциясының таңдауын алыңыз.
DESCALE (ҚАҚ ТАЗАЛАҢЫЗ)	Құрылғы қағын тазалау керек.	“Қақ тазалау” бөліміндегі қақ тазалау процедурасын неғұрлым тезірек орындау керек.
КОФЕ МӨЛШЕРІН АЗАЙТУ	Өте көп мөлшердегі кофе пайдаланылған.	Жұмсағырақ дәмді таңдаңыз немесе ұнтақ кофе мөлшерін азайтыңыз, одан кейін кофені қайтадан жасаңыз.
FILL BEANS CONTAINER (ДӘНДЕР ТОЛТЫРЫҢЫЗ)	Кофе дәндері таусылған. Алдын ала ұнтақталған кофе воронкасы (А6) бітеліп қалған.	Дәндері ыдысын (А7) толтырыңыз. Воронканы «12.8 Ұнтақ кофе воронкасын тазалау» бөлімінде сипатталғандай етіп пышақпен босатыңыз.
ДЕМДЕУІШ ЖИНАҒЫН ЕНГІЗУ	Тазаланғаннан кейін, демдеу торы орнына салынбаған (А11).	Демдеу торын «12.9 Демдеу торын тазалау» тарауында сипатталғандай етіп енгізіңіз.
GENERAL ALARM! (ЖАЛПЫ ДАБЫЛ!)	Құрылғының іші өте лас.	Құрылғының ішін “12. Тазалау” бөлімінде сипатталғандай етіп мұқият тазалаңыз. Cleaning”. Бұл хабар тазаланған соң да көрсетілсе, қызмет орталығымен хабарласыңыз.
REPLACE FILTER (СҮЗГІНІ АУЫСТЫРЫҢЫЗ)	Сүзгі (С4) бітелген.	Сүзгіні ауыстырыңыз (“Суды жұмсарту сүзгісін ауыстыру” бөлімін көріңіз).

## 19. АҚАУЛЫҚТАРДЫ ЖОЮ

Төменде кейбір ықтимал ақаулықтар көрсетілген.

Егер проблема сипатталғандай әдіспен шешілмесе, тұтынушыларды қолдау қызметтерімен хабарласыңыз.

ПРОБЛЕМА	ЫҚТИМАЛ СЕБЕБІ	ШЕШІМІ
Кофе ыстық емес.	Кеселер алдын ала қыздырылмайды.	Кеселерді ыстық сумен шаю арқылы алдын ала жылытыңыз. Ыстық суды және шаю функциясын қолдануға болады.
	Демдеу торы суып қалған, себебі соңғы кофе жасалғалы 2/3 минут өткен.	Кофе жасамас бұрын демдеу торын (A11) шаю түймесін басу арқылы жылытыңыз.
	Төменгі кофе температурасы орнатылды.	Ыстығырақ кофе температурасын орнату («8.5 Температураны орнату» тарауын қараңыз).
Кофе көпіршігі жеткілікті емес.	Кофе тым ірі етіліп тартылған.	Кофе тартқыш жұмыс істеп тұрған кезде тарту дөңгелегін (A2) сағат тіліне қарсы бағытта бір рет бұраңыз (10-сурет). Кофе қанағаттанарлықтай тартылмайынша сыртылдата бұрауды жалғастырыңыз. Нәтиже тек 2 кофе жасаған соң ғана беріледі («9,4 Кофе тартқышты реттеу» бөлімін қараңыз).
	Кофе жарамсыз.	Эспрессо құрылғылары үшін ұнтақ кофе пайдаланыңыз.
Кофе тым баяу құйылады немесе тамшылап тұрады.	Кофе тым майда етіліп тартылған.	Кофе тартқыш жұмыс істеп тұрған кезде тарту дөңгелегін (A2) сағат тілі бағытында бір рет бұраңыз (10-сурет). Кофе қанағаттанарлықтай тартылмайынша сыртылдата бұрауды жалғастырыңыз. Нәтиже тек 2 кофе жасаған соң ғана беріледі («9,4 Кофе тартқышты реттеу» бөлімін қараңыз).
Кофе бір немесе екі шүмектен (A12) де ақпайды.	Шүмектер бітеліп қалған.	Шүмектерді тіз тазартқышпен тазалаңыз.

Көпіршітілген сүтте үлкен көбіктер бар.	Сүт жеткілікті деңгейде салқын емес немесе ол жартылай шайқалмаған.	Т о ң а з ы т қ ы ш температурасындағы (шамамен 5°С) майсыздандырылған немесе жартылай майсыздандырылған сүтті пайдаланған жөн. Егер нәтиже сіз қалағандай болмаса, басқа компанияның сүтін пайдаланып көріңіз.
Сүт көпіршітілмеген.	Капучино жасағыш (A19) кірлеген.	«10,2 Капучино жасағышты пайдаланған соң тазалау» бөлімінде сипатталғандай етіп тазалаңыз.
Бу шығару тоқтатылады.	3 минуттан соң қауіпсіздік құрылғысы буды тоқтатып тастайды.	Бірнеше минут күте тұрыңыз да, бу функциясын қайта қосыңыз.
Құрылғы іске қосылмайды.	Ол розеткаға қосылмаған.	Розеткаға қосыңыз.
	Негізгі қосқыш (A8) іске қосылмаған.	Негізгі қосқышты I бағытына қойыңыз (1-сурет).